

15. [www.mts.gov.kz](http://www.mts.gov.kz)
16. Вуколов В.Н. История и теория международного туризма. – Алматы, 2002.
17. Journal of history. №4 (95). 2019 <https://bulletin-history.kaznu.kz>
18. Закон Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 288-VI «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия»

ӘОЖ 902/904

## ШЫҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНДЕГІ БАТЫР ҚЫЗДАР ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

### Қайырғазина Айпара

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Тарих факультетінің  
Археология-Этнология кафедрасының 3 курс студенті

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Әйел – ошақтың ұйытқысы, алтын бесіктің иесі. Ел болашағының барлығы әйел азаматтардың қолынан өтеді» әлемнің бар асылына тең нәзік жанды қазақ арулары сол әдемілікпен қоса батырлығы мен батылдығымен атағы алысқа тараған. Қазақтың қыздары тәрбиесімен, әдептілігімен, сонымен бірге батырлығымен де көзге түскен. Өзінің әйел заты екенін ұмытып, қолына қылыш ұстап, жауды шапқан қазақтың батыр қыздары тарих бетінде өшпестей із қалдырды. Сонау сақтардың ұрпағы қазақтар әйелдердің ақылына ғана емес, жау жүректігіне де жүгінгені анық. Ал олардың бала тәрбиесіне сіңірген үлесі бір бөлек әңгіме. Ұлына тегіне қарап әйел алып беру үрдісі тек қазақтарда ғана мықтап бекінген игі дәстүр. «Тең теңімен, тезек қабымен» деген сөздің астарында мағыналы ой жатыр. Олар болашақ ұрпағын қалыптастыратын, ошақ отын сөндірмей берекесін кіргізетін болашақ отанасын таңдау ісіне ерекше мән бергені шын. Сондықтан, ата-бабаларымыздың қыз баланы өсірудің өзіндік ұлттық тәрбиелік үрдісі болған. Қазақтың қыздары тәрбиесімен, әдептілігімен, сонымен бірге батырлығымен де көзге түскен. Бүгін осы жандар туралы тарқатып жазуды жөн көрдім.

Бір шаңырақтың ғана емес, үлкен бір әулеттің, тайпа мен елдің берекесін келтіріп, несібесін тасытқан асыл аналарымыз қазақта баршылық. Оның бірі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі – Айпара ана. Бөкенші өзенінің Шыңғыстан шығып, арнасы кеңейген Құлыншак –Ақберді қыстауларынан қозы өрісіндегі оң жағасында қалың тас қорым бар. Бұл орын бүтін тобықтының қасиетті жері саналады. Онда Айпара ана жерленген. Айпара – қазақ ұлтына есімі мәлім әулие ана [3.265]. Орта жүз, тобықты ішіндегі Олжай батырдан Айдос, Қайдос, Жандос есімді үш ұрпақ тарайды. Олжайдың балаларын жұрт «Үш Олжай» деп атап кетеді. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы ел болып кеткен. Үш Олжайдан Жандос, Ырғызбай, Бөкенші, Борсақ, Көтібақ, Топай, Торғай сынды батырлар мен жығасы жығылмаған тобықтының аруақты биі Кеңгірбай, Құнанбай, Абай, Шәкәрім, сияқты мықты-мықты ел азаматтары көп шыққан. Айдостың бәйбішесі - Айпара ана ауылды билеген беделді, өткір мінезді, сыншыл, ақын болған екен [1.114]. Бүкіл Олжай жұрты анамыз деп ардақтайтын Айпара ана жайлы аңыз әңгіме өте көп. Соның бірінде жаугершілік кезінде тобықты елі оңтүстікке қарай үдере көшеді. Жолда олар ашығып-арып әбден қиындық көреді. Кеше ғана көшіп кеткен бай ауылдың ескі жұртына жетсе, аяғы мертiгiп қалған семіз түйе кездеседі. Ауыл адамдары ол түйені союға бата алмай жүреді. Айпара ана «іздеп келгендерге өзім жауабын беремін» дейді де, түйені сойғызып, қырық жілік қылып, ашығып келе жатқандарға бөліп бермек болғанда «іздеушілер келе жатыр» дегенді естиді. Айпара дереу түйенің етін терісіне орап, ошақ басына көмеді де, оның үстіне күрке тігіп алады. Күркенің оң жағына күйеуі Айдосты өлген адамға ұқсатып жатқызып бүркеп тастайды. Іздеушілер келе бергенде, шалын жоқтап дауыстай жөнеледі. Әлгілер қаралы үйді тінтуге батылдары бармай, басқа үйлерді қарап, түйесінің етін таба алмай қайтып кетеді [2.15]. Сөйтіп Айпараның ақыл-айласының арқасында ашыққан ауыл адамдары түйенің етін бөлісіп жеп, аштықтан аман қалыпты деседі. Айпара ана туралы деректер Абай өлеңдерінің жинақтары мен М.Әуезовтің зерттеу еңбектерінде кездеседі. Жазушы О.Бөкеев «Мұзтау»

деген повестер жинағына енген «Айпара ана» шығармасында Айпараның аналық мейірімі, ерлік еңбегі, ұрпағының сәуегейлігі туралы жақсы айтылған. Айпараның өз балалары жайлы айтқан болжамдары күні бүгінге дейін алланың арнаған тағдырын дәл басқандай. 1997-2002 жылдар аралығында Абай елінің әкімі болған қадірлі Қонысбай Төлеубековтың бастауымен Айпара басына «Ана» атты кешенді ескерткіш орнатылды. Ескерткіш Шыңғыстаудың екінші Хан биігі іспетті Кеңгірбай, Қараменде, Көбей, Өскенбай, Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Мамай, Тоқтамыс, Мотыш, Доғалдай, елді ел еткен би, батырлар мен Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Көкбай, Байкөкшедей, ақын-ойшылдарды дүниеге әкелген күллі алтын құрсақ аналарға деген құрметтің символы боп асқақтап тұр. Айпара ана туралы неғұрлым толық мәлімет «Тобықты – Шыңғыстау шежіресінде» берілген.

Көшкінбаева Айғыз – елдегі 1916-1918 жылдардағы көтерілістерге және ел ішіндегі азамат соғысына қатысқан, 1876 жылы Семей облысы, Аягөз ауданы, Сарыбұйрат ауылында шаруа жанұясында дүниеге келген. Айғыз бала күнінен әлеуметтік теңсіздіктің, патша отаршыларының зорлық-зомбылықтарының куәсі болды. Тұрмысқа шыққан соң 19 жасында Аякөз қаласына көшіп келеді. Жас кезінен өжет, алғыр, еңбексүйгіш болған. Ауыл азаматтары егін егіп, суару үшін арық қазғанда азаматтармен бірге болып, сол арықтың уақытылы бітуіне үлес қосқан. Еңбегіне сүйсінген ел ұзындығы 4-5 шақырымға созылатын сол арықты “Айқыз арығы” деп атаған. Айғыз қазақ қыздарының арасынан шыққан азамат соғысының ардагері, әрі қаһарманы [4.54]. Болашаққа үміт артқан жас қыз отаршылдықтың азабынан құтыламыз деген үмітпен Қазан төңкерісіне үлкен сенім артады. Аякөз өңіріндегі ақ пен қызыл шайқасы кезінде Мамырсудағы қазақ эскадронын қарусыздандыруға, Сергиопольдегі қорғаныс күндері Айғыз окопқа, шай, тамақ тасып, жаралыларды емдейтін пункт ашқан. 1918 жылы 11 наурызда жұмысшы-шаруалармен бірігіп, қаладағы Уақытша үкіметтің жергілікті органын (приставты) құлатуға қатысты. Аякөзде Совет өкіметін жариялаған митингіде комиссар С. Ғаббасовтан кейін Айғыз сөйлейді. «Қ. Еркебаев және С. Әлімбетов поэмаларындағы азамат соғысының батыр әйелдері Айқыз және Білісай бейнелері», «І. Боранский», «Сабыржан Ғаббасов» және тағы басқа мақалаларындағы тарихи тұлғалар ғалымның көркем шығармаларынан өз орнын алды. 1918 жылдың 17 шілде де полковник Ярушин мен атаман Леберфордың бастауымен құрамында 1000 адамы бар ақ гвардияшылар және Чехословак корпусының баскесерлері Сергиолольге шабуыл жасаған. Соғыс 36 сағатқа созылып, осы мерзімде жаудың шабуылына бірнеше рет тойтарыс берілген. Сабыржан Ғаббасов және оның серіктері күші басым жаумен шайқаста тамаша ерлік көрсеткен. 1918 жылы Айқыз Ярушкиннің жеңдеттерінің қолынан қаза тапқан [5.308]. Бір жылдан кейін Айқыз арман еткен өмір Аягөз жеріне мәңгі орнады. Осыған байланысты қазақтың белгілі жазушысы Қалмұқан Исабаев «Айқыз» атты роман жазды. Ел бостандығы үшін, өз өмірін құрбан еткен қарапайым қазақ әйелі әділет жолын, ақиқат жолын іздеді. Батыр ананың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Баян Байғожина 1923 жылы Абай ауданының Арқат ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғыс басталғанда Мәншүктің қазасынан кейін өз еркімен соғысқа аттанған екен. Сол заманда Шыңғыстаудан Германияның өз ордасы Берлинге дейін соғысқа жеткен. Біз білетін 4 ордені бар. Белоруссия, Литва, Польша, Германия жерлерін азат ету ұрыстарына қатысқан [6.234]. 24 фашистік солдаттар мен офицерлерді жойған батыр қазақ қызы Баян Байғожинаның ерлігі миф емес, нақты оқиға екенін дәлелдейтін уақыт келді деп ойлаймын. Интернетте жарияланған ескі ақпараттарды қарап отырып, мен тек белгілі фактілерді кездестірдім. Барлығы Баян Байғожинаның «Комсомольская правда» газетіндегі ерлігін соғыс тілшісі П. Кузнецов өзінің «Шыңғыстаудағы Баян» мақаласында сипаттаған деп жазды. Батыр жерлесіміздің ерлігін растайтын тарихи мәліметтер бар. 1945 жылғы 8 наурыздағы «Правда» газетінің №57-де табылды, Әскери командир Баянмен Гинденбург қаласында кездесіп, сөйлескен екен. Павел Кузнецов мақаласында Баян Байғожинаның соғысқа өз еркімен келгенін, оның қаһармандығын, құралайды көзге атқан мергендігі жайлы суреттейді. Павел Кузнецов мергеннің ерлігін осылай сипаттайды: «Қыз дала аңшысы сияқты шыдамдылықпен буктурларды тандап алды, ол дұшпанды күтіп, қарап тұрды, ол

құлақты құлақпен әр дыбыс пен сыбдырды ұстады, ал оның оқтары жіберіп алмады». Бұл жалған емес, тарихи шындық. Баян жастығына қарамастан, жалпы жауға қарсы күреске аттанды. Ең қорқынышты, ол Гинденбург маңындағы Ұлы Жеңіске 12 күн қалғанда қайтыс болды. Алайда, бұл фактіге күмән келтіретіндер де болды. Негізсіз болмас үшін Илья Миллердің «Экспресс К» газетінде жарияланған «Твоей дивизии» атты материалына назар аударсақ. «Баян Жеңістен 12 күн бұрын, Берлиннен алыс емес жерде, Германияның Гинденбург қаласының маңында ерлікпен қаза тапты. Сонымен бірге бұл қала Польшада орналасқан ». Алайда, басылымның авторы Гинденбург пен Берлин арасындағы қашықтық 500 шақырым екенін ескермеген. 1945 жылы 24 ақпанда бұл қала Қызыл Армияның бақылауына өтті. 1945 жылдың 29 мамырына дейін ол Германияға тиесілі болды, бірақ түпкілікті тапсырылғаннан кейін оған Забрзе тарихи атауы берілді және ол Польшаға қайтарылды. Баян Байғожина сияқты батырларымыз бен батырларымыздың ерлігіне күмән келтіруден гөрі, олардың ерліктерінің тарихи дәлелдерін бірлесе отырып тауып, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру керек, сонда біздің ұрпақтарымыз бейбіт күн үшін біз кімге қарыздар екенімізді біліп, есте сақтайды! Бір өкініштісі, сонау Берлинге дейін барып жанкештілікпен жауға тойтарыс берген батыр қыз жайлы мәлімет аз. Насихат жоқ. Сондықтан, қазақтың батыр қызының ерлігін ұрпаққа үлгі етіп, оның есімін тарихта қалдыру - бүгінгі ұрпақтың парызы!

Қорытындылай келе, тарихта ақыл-парасатымен, тапқырлығы мен батылдығымен, дуалы сөзі мен дара өнерімен көзге түсіп, бүгінгі күнге дейін ел жадында қалған асыл аналарымыз бен дана қыздарымыз өте көп болған. Мен өзімнің туған өлкемнен шыққан қасиетті аналар мен батыр қыздармен мақтанам және үлгі аламын. Қазақтың батыр қыздарының ерлігін естен шығармай насихаттау біздің борышымыз!

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Тобықты Шыңғыстау шежіресі [Мәтін] : үш томдық / М. Жанболатұлы ; Библиогр.: 415-416 б. 2-том .1056-114 б
2. Бөкейханов О. «Айпара ана»
3. Абай энциклопедиясы -1995 ж. «Атамұра» баспасы. 265 б
4. Қазақ Совет энциклопедиясы (Мәтін) Т. 6: Көз-Қосұйтас.-Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1975.-640 б. - Көшкімбаева Айғыз: б. 54.
5. Аягөз [Мәтін]: Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданының энциклопедиясы.Т. 1 / суретші: Б. Серікбай, И. Серікбаева. - Алматы: Көркем, 2010. - 676 б.: Көшкімбаева Айғыз: б. 308.
6. Шығыс Қазақстан Облысы энциклопедиясы, 234 бет: Байғожина Баян
7. «Правда» №57 .1945 ж. 8 наурыз

УДК 902/904

### **ЗАКОНЫ КАК СОЦИАЛЬНО - ПРАВОВОЙ РЕГУЛЯТОР ОТНОШЕНИЙ В СТЕПИ**

**Мухаметзянов Артур Робертович**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан

*Аннотация.* В статье автор на основании имеющихся исследований о законе и праве в степи дает анализ их участию в формировании этнической самости казахского народа.

*Ключевые слова.* Закон, право, Великая Степь, Казахстан, этногенез, самость, семейно-бытовые отношения, религиозное право, суд биев, собственность

Говоря о ходе исторического процесса, мы всегда подразумеваем его объективность и постоянность. Развитие производительных сил и производственных отношений связано не только с вопросом труда, хозяйствования, развития ремесла и торговли, но и с процессом развития методов защиты достижений в упомянутых областях, представления их в виде